

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

Ысырайыл Қыдырәлі Мұсаханұлы

«Құрылыс конструкцияларына арналған интеллектуалды талшықты-
оптикалық деформация датчиктерін зерттеу»

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

«7М06201 – Телекоммуникация» білім беру бағдарламасы

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

ӘОЖ 681.586.5 (043)

Қолжазба құқығында

Ысырайыл Қыдырәлі Мұсаханұлы

Магистр академиялық дәрежесін алу үшін
МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Диссертацияның атауы Құрылыс конструкцияларына арналған интеллектуалды
талшықты-оптикалық деформация датчиктерін зерттеу
Дайындау бағыты «7М06201 - Телекоммуникация»



Ғылым жетекші
PhD докторы, профессор
Смайлов Н.К.

«10» 01 2025 ж.

Пікір беруші
Energo university,
«Телекоммуникациялық
инженерия» кафедрасының
қауым. профессоры, PhD, т.ғ.к
Ермекбаев М.М.
«13» 12 2024 ж.

Норма бақылаушы
т.ғ.м., оқытушы
К. С. Кенгесбаева С.С.
«09» 01 2025 ж.

ҚОРҒАУТА ЖІБЕРІЛДІ
ЭТТ кафедр. меңгерушісі
т.ғ.к., қауым. профессор



Е.Таштай
2025 ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыш технологиялар кафедрасы

«7M06201 – Телекоммуникация»



Магистрлік диссертацияны орындауға

ТАПСЫРМА

Магистрант: Ысырайыл Қыдырәлі Мұсаханұлы

Тақырыбы: «Құрылыс конструкцияларына арналған интеллектуалды талшықты-оптикалық деформация датчиктерін зерттеу».

Университет ректорының « 04 » 04 2023 ж. № 145-П бұйрығымен бекітілген
Аяқталған диссертацияны тапсыру мерзімі: 20. 12 2024 ж.

Магистрлік диссертацияның бастапқы деректері: MEMCT 59737-20-21 Оптика және фотоника, жалпы техникалық шарттар

Магистрлік диссертацияда әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

- а) Талшықты-оптикалық деформация датчиктері (FODs) және Брэгг торлары арқылы деформацияларды анықтаудың жоғары дәлдігі мен сезімталдығын зерттеу.
- б) Деформациялар мен кернеулерді нақты уақыт режимінде бақылау.
- в) Талшықты Брэгг торларының беріктігі мен төзімділігін тереңінен зерттеу.
- г) Талшықты Брэгг торларының бетонмен өзара әсерін зерттеп, тәжірибелік тексерулер жүргізу.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

Мысалы:

1 Kalizhanova A, Kunelbayev M, Wojcik W, Kozbakova A, Aitkulov Z, Malikova F. Development of Fiber-Optic Sensors System, Based on Fiber Bragg Gratings. Journal of Ecological Engineering. 2022;23(10):98-106. doi:10.12911/22998993/152363.

2 Alfredo Güemes Dpt. Aeronautics, Univ. Politécnica de Madrid Plaza Cardenal Cisneros, 3 MADRID 28040 SPAIN. Fiber Optics Strain Sensors 2019 years.

3 Ramakrishnan, M.; Rajan, G.; Semenova, Y.; Farrell, G. Overview of fiber optic sensor technologies for strain/temperature sensing applications in composite materials. *Sensors* 2018, 16, 99.

4 Chen, J.; Liu, B.; Zhang, H. Review of fiber Bragg grating sensor technology. *Front. Optoelectron. China* 2021, 4, 204–212.

5 Hoult N. A., Ekim O., Regier R. Damage/deterioration detection for steel structures using distributed fiber optic strain sensors // *Journal of Engineering Mechanics*. – 2014. – T. 140. – №. 12. – C. 04014097.

5 Bertulesi, M.; Bignami, D.F.; Boschini, I.; Longoni, M.; Menduni, G.; Morosi, J. Experimental Investigations of Distributed Fiber Optic Sensors for Water Pipeline Monitoring. *Sensors* 2023, 23, 6205.

6 Merzbacher C. I., Kersey A. D., Friebele E. J. Fiber optic sensors in concrete structures: a review // *Smart materials and structures*. – 1996. – T. 5. – №. 2. – C. 196.


7 Boateng E., Schubel P., Umer R. 2019. Thermal isolation of FBG optical fibre sensors for composite cure monitoring. *Sensors and Actuators A*, 287, 158–167.


Магистрлік диссертацияны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Талшықты-оптикалық деформация датчиктері (FODs) және Брэгг торлары арқылы деформацияларды анықтаудың жоғары дәлдігі мен сезімталдығын зерттеу. Әдебиеттерге шолу жасау.	15.01.2023 ж. – 15.09.2023 ж.	орындалды
Деформациялар мен кернеулерді нақты уақыт режимінде бақылау.	15.01.2024 ж. – 14.06.2024 ж.	орындалды
Талшықты Брэгг торларының беріктігі мен төзімділігін тереңінен зерттеу.	17.06.2024 ж. – 15.10.2024 ж.	орындалды
Талшықты Брэгг торларының бетонмен өзара әсерін зерттеп, тәжірибелік тексерулер жүргізу.	16.01.2024 ж. – 20.12.2024 ж.	орындалды

Аяқталған магистрлік диссертация үшін, оған қатысты бөлімдердегі диссертация кеңесшілері мен норма бақылаушының қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Магистрлік диссертация тақырыбын талдау	Ғылыми жетекші ЭТЖҒТ каф. профессоры, PhD Н.К.Смайлов	10.10.2024 ж.	
Теориялық ақпарат	Ғылыми жетекші ЭТЖҒТ каф. профессоры, PhD Н.К.Смайлов	10.01.2025 ж.	
Норма бақылау	ЭТЖҒТ Т.Ғ.М., оқытушы Кенгесбаева С.С.	09.01.2025 ж.	

Ғылыми жетекшісі PhD докторы  Смайлов Н.К.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды  Ысырайыл Қ.М.

Күні «25» 12 2024 ж.

АНДАТПА

Қазіргі құрылыс саласында құрылыс конструкцияларының күйін бақылау, олардың бұзылуын болдырмау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін маңызды. Бұл мақсатта оптикалық деформацияны анықтайтын интеллектуалды датчиктер, Брэгг торлары негізінде жұмыс істейтін перспективті әдіс болып табылады. Бұл датчиктер құрылыс материалдарында, мысалы, бетон мен болатта деформациялар мен кернеулерді дәл және тиімді өлшеуге мүмкіндік береді, бұл үлкен және күрделі объектілер үшін ерекше маңызды. Бұл әдіс жоғары сезімталдық, дәлдік және ұзақ қызмет ету мерзімімен ерекшеленеді, сондықтан ол интеллектуалды мониторинг жүйелерін іске асыруда алмастырылмас құрал болып табылады.

Зерттеу барысында оптикалық датчиктердің жұмыс принциптері, құрылыс конструкцияларындағы өзгерістерді нақты уақыт режимінде анықтау мүмкіндіктері қарастырылып, Брэгг торларының құрылымы, олардың төзімділігі мен материалға әсері талданады. Алынған нәтижелер құрылыс объектілерінің қауіпсіздігі мен ұзақ мерзімділігін арттыруға ықпал етеді, өйткені олар конструкциялардың күйіндегі сындарлы өзгерістерді уақытында анықтауға мүмкіндік береді.

АННОТАЦИЯ

В современной строительной отрасли важно контролировать состояние строительных конструкций, предотвращать их разрушение и обеспечивать безопасность. С этой целью интеллектуальные датчики обнаружения оптической деформации являются многообещающим методом, работающим на основе решеток Брэгга. Эти датчики позволяют точно и эффективно измерять деформации и напряжения в строительных материалах, таких как бетон и сталь, что особенно важно для больших и сложных объектов. Этот метод отличается высокой чувствительностью, точностью и длительным сроком службы, поэтому является незаменимым инструментом при реализации интеллектуальных систем мониторинга.

В ходе исследования были рассмотрены принципы работы оптических датчиков, возможности обнаружения изменений в строительных конструкциях в режиме реального времени, проанализированы структура решеток Брэгга, их стойкость и влияние на материал. Полученные результаты способствуют повышению безопасности и долговечности строительных объектов, поскольку позволяют своевременно выявлять конструктивные изменения в состоянии конструкций.

ANNOTATION

In the modern construction industry, it is important to monitor the condition of building structures, prevent their destruction and ensure safety. To this end, intelligent optical strain detection sensors are a promising method based on Bragg gratings. These sensors allow accurate and efficient measurement of deformations and stresses in building materials such as concrete and steel, which is especially important for large and complex objects. This method is characterized by high sensitivity, accuracy and long service life, therefore it is an indispensable tool in the implementation of intelligent monitoring systems.

During the study, the principles of operation of optical sensors, the possibility of detecting changes in building structures in real time were considered, the structure of Bragg gratings, their durability and effect on the material were analyzed. The results obtained contribute to improving the safety and durability of construction facilities, since they allow timely identification of structural changes in the condition of structures.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Оптикалық байланыс технологиясының эволюциясы	10
1.1 Заманауи оптикалық талшықтар мен сенсорлар	13
1.2 Брэгг торларының тарихы мен олардың даму кезеңдері	28
1.3 Қолданыстағы деформацияны бақылау тәсілдеріне жалпы шолу	31
1.4 Талшықты-оптикалық сенсорлардың жұмыс істеу принципі	33
1.5 Құрылыс индустриясындағы Брэгг торлары, оларды қолдану және орнату әдістемесі	37
2 Брэгг торларын орнату және бетон конструкцияларына интеграциялау әдістері	39
2.1 Бетон конструкцияларының деформацияға ұшырау себептері мен жағдайлары	41
2.2 Құрылымдарда қолданылатын сенсорлардың ерекшеліктері	41
3 Талшықты Брэгг торларын бетон конструкцияларын бақылауда қолдану	47
3.1 Брэгг торларының визуализациялау мүмкіндіктері және өлшеу дәлдігі мен сенімділігін бағалау	49
3.2 Мониторинг нәтижелерінің құрылымдар жұмысындағы маңызы мен қауіпсіздік аспектілері	50
3.3 Зерттеу жүргізу барысында деформацияларды өлшеудің нәтижелері	52
3.4 Зерттеу бағыттарына ұсыныстар және компьютерлік модельдер	54
Қорытынды	
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта бетон конструкцияларының құрылысындағы және қызмет көрсетуіндегі маңызы зор. Бұл құрылымдар, мысалы, көпірлер, ғимараттар, бөгеттер, сондай-ақ басқа да бетоннан жасалған нысандар, қалалар мен көлік инфрақұрылымының негізгі бөліктері болып табылады. Олардың сенімділігі мен ұзақ мерзімділігі аймақтың қауіпсіздігі мен экономикалық тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Сондықтан инженерлер мен зерттеушілер үшін бетон конструкцияларының жағдайын бақылау және олардың деформацияларын ертерек анықтау басты міндет болып қала береді.

Қазіргі заманғы технологиялар мен әдістер бетон конструкцияларының күйін тиімді бақылауға мүмкіндік береді. Олардың ішінде ең тиімді тәсілдердің бірі – талшықты-оптикалық сенсорлар мен Брэгг торларын қолдану. Бұл жүйелер нақты уақыт режимінде жоғары дәлдікпен жұмыс істейді және құрылымдардың жағдайын үнемі бақылап отыруға мүмкіндік береді. Брэгг торлары арқылы бетондағы деформацияларды дәл анықтау инженерлерге құрылымның қызмет ету мерзімін ұзарту және кез келген ақауларды уақытында жөндеу үшін маңызды ақпарат береді.

Талшықты-оптикалық сенсорлар өздерінің жеңіл салмағы, электромагниттік әсерлерге төзімділігі мен күрделі ортада жұмыс істеу қабілетімен ерекшеленеді. Брэгг торлары талшықтың бойында шағылыстың толқынының өзгеруін бақылап, нақты уақыттағы кернеу мен температура өзгерістерін анықтайды. Осы технологияларды пайдалану арқылы бетон конструкцияларындағы деформацияларды немесе ақауларды ертерек байқауға болады, бұл уақытында жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Бұл бақылау жүйелері құрылымдардың ұзақ мерзімді қызметін қамтамасыз етуге ғана емес, олардың қауіпсіздік деңгейін арттыруға да ықпал етеді. Мұндай жүйелер аймақтардың экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына оң әсер етеді, себебі олар құрылымдық апаттардың алдын алу мен олардың тиімділігін қамтамасыз етеді. Талшықты-оптикалық технологиялар қазіргі таңда бетон конструкцияларын бақылауда ең тиімді құралдардың бірі болып саналады. Болашақта бұл технологиялардың қолдану аясы кеңейіп, басқа салаларда да кеңінен қолданыла алады. Қазіргі уақытта жаңа ғимараттардың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Кейбір жағдайларда құрылыс технологиясының бұзылуы орын алуы мүмкін, топырақ эрозиясы болуы мүмкін, ғимаратты немесе құрылысты пайдалануға бергеннен кейін іргетастағы және жүк көтергіш конструкциялардағы жарықтардың пайда болуына байланысты жағдай туындауы мүмкін [1, 2, 3].

Талшықты-оптикалық сенсорлар оптикалық талшық арқылы өтетін жарықтың қарқындылығының өзгерісін тіркеп, бетон конструкцияларындағы деформацияларды дәл анықтайды. Бұл сенсорлар құрылымның күйін үздіксіз бақылауға мүмкіндік береді, себебі олар тіпті ең аз өзгерістерді де анықтай алады. Брэгг торлары – бұл жүйенің маңызды құрамдас бөлігі. Олар

талшықтың ұзындығының өзгерісін өлшеу арқылы деректердің жоғары дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Брэгг торлары құрылымдағы температура мен кернеу өзгерістерін нақты уақыт режимінде тіркеп, оларды талдауға мүмкіндік береді.

Бұл жүйелер бетон конструкцияларындағы ықтимал ақауларды ерте анықтауға көмектеседі, осылайша төтенше жағдайлардың алдын алу және инфрақұрылымның сенімділігін арттыру мүмкіндігін береді. Деформацияларды ертерек анықтау құрылымдардың ұзақ мерзімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Талшықты-оптикалық бақылау жүйелері құрылымдардың қызмет ету мерзімін ұзартады, өйткені олар нақты уақыттағы жоғары дәлдікпен және тұрақтылықпен жұмыс істейді. Бұл жүйелер жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын уақытында жүргізуге мүмкіндік береді, нәтижесінде шығындар азайып, инфрақұрылымның тиімділігі артады. Қалалардың тұрақты дамуы мен халық санының өсуі жағдайында талшықты-оптикалық сенсорлар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тұрғындардың өмір сапасын жақсарту үшін маңызды рөл атқарады [4].

Бетон конструкцияларының күйін бақылауда ең заманауи әдістердің бірі - Брэгг торларын қолданатын талшықты-оптикалық сенсорлар болып табылады. Бұл технологиялар құрылымдағы деформацияларды нақты уақыт режимінде жоғары дәлдікпен және сенімділікпен тіркейді, бұл құрылымдардың қауіпсіздігін арттырады. Механикалық тензометрлермен салыстырғанда талшықты-оптикалық сенсорлар бірнеше артықшылықтарға ие: олар жоғары сезімталдығымен, ұзақ қызмет ету мерзімімен ерекшеленеді және бетон құрылымымен біріктірілгенде оның тұтастығын бұзбайды. Бұл технологиялар бетон құрылымдарын бақылаудағы тиімді құрал ретінде кеңінен қолданыс табуда, әрі болашақта осы саладағы зерттеулер жаңа жетістіктерге жетуі мүмкін.

Оптикалық талшық ғимараттың конструкциясында 50 жылдан астам уақыт бойы сақталып, жарық толқыны арқылы ақпаратты едәуір қашықтыққа жеткізе алады. Темірбетон іргетасының көп бөлігі жер астында жасырылғандықтан, оның зақымдалған жерлерін визуалды тексеру немесе бұзбайтын бақылау әдістерімен анықтау әрдайым мүмкін бола бермейді. Бұл құрылыс саласында диагностика мен бақылаудың жаңа құралдарын әзірлеп жатқан ғалымдар мен әзірлеушілер үшін өте маңызды міндет болып табылады. Монолитті темірбетон ғимарат конструкцияларындағы жарықшақтар [5–7] қауіпті, себебі олардың өсуі мен ашылуын бақылаусыз қалдыру конструкцияның нақты техникалық жағдайы туралы ақпараттың жоқтығына әкеледі, ал мұндай конструкцияларды пайдаланудың салдары өте ауыр болуы мүмкін.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты: Бетон конструкцияларының деформацияларын бақылау мен талдау үшін талшықты Брэгг торлары негізінде жұмыс істейтін талшықты-оптикалық сенсорлардың тұжырымдамасын әзірлеу және олардың қолдану аясын зерттеу. Зерттеу

барысында заманауи бақылау технологияларының тиімділігі бағаланып, нақты объектілерде қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Бұл тақырып құрылымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың ұзақ мерзімділігін арттыру тұрғысынан өте маңызды.

Зерттеу жұмысының жаңалығы: Талшықты-оптикалық датчиктердің жұмыс принциптері мен артықшылықтары зерттеліп, оларды нақты құрылыс конструкцияларында қолдану бойынша тәжірибелік зерттеулер жүргізілді. Жұмыста алғаш рет құрылыс конструкцияларының деформациясын өлшеуге арналған талшықты-оптикалық датчиктердің интеллектуалды алгоритмдері әзірленіп, құрылыс саласына қолдану мүмкіндіктері ұсынылды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Құрылыс конструкцияларының беріктігі мен сенімділігі – қоғамның қауіпсіздігі мен инфрақұрылымның ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі. Қазіргі заманғы құрылыс материалдарының күрделілігі мен олардың пайдалану шарттарының әртүрлілігі конструкциялардың деформациясы мен кернеуін жоғары дәлдікпен бақылауды талап етеді. Дәстүрлі бақылау әдістері (механикалық датчиктер, визуалды инспекциялар) жиі жоғары қателікке, шектеулі сенімділікке және пайдалану шығындарының көптігіне ие. Бұл ретте, талшықты-оптикалық деформация датчиктері жаңа буын технологиясы ретінде ерекшеленеді.

Зерттеуге бағытталған мәселелер: Құрылыс конструкцияларының деформациясын және кернеуін дәл бақылау заманауи құрылыс индустриясында маңызды міндет болып табылады. Дәстүрлі әдістердің дәлдігі жеткіліксіз және кейбір жағдайларда құрылыс объектілерінің нақты жағдайын көрсетпейді; Талшықты-оптикалық датчиктердің сенімділігі мен функционалдығын арттыру үшін оларды құрылыс материалдарына бейімдеу және олардың ұзақ мерзімді жұмысын қамтамасыз ету тәсілдерін анықтау қажеттілігі туындайды; Жаңа технологияларды енгізу кезінде олардың коммерциялық тұрғыда қолжетімді болуы маңызды. Бұл талшықты-оптикалық датчиктердің қолданысын кеңейту үшін маңызды шарт.

Зерттеуге бағытталған тапсырмалар: Брэгг торлары арқылы деформацияларды анықтаудың жоғары дәлдігі мен сезімталдығын анықтау үшін ғылыми әдебиеттерге терең шолу жүргізу; Деректерді үздіксіз жинау және талдаудың тиімді алгоритмдерін жасап, оларды құрылыс конструкцияларына бейімдеу; Бетон конструкцияларымен интеграцияланған Брэгг торларының механикалық және физикалық сипаттамаларын зерттеу үшін тәжірибелік тексерулер жүргізу; Талшықты-оптикалық датчиктерді қолдану үшін қолданыстағы стандарттар мен регламенттерді зерттеп, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар беру.

1 Оптикалық байланыс технологиясының эволюциясы

Оптикалық байланыстың дамуы адамзаттың жарық арқылы ақпарат жеткізу идеясына негізделген. Ежелгі дәуірде бұл байланыс түрі түтін, алау және күн сәулесін пайдалану сияқты қарапайым әдістерден бастау алды. Мұндай тәсілдер алыс қашықтықта қарапайым сигналдарды беру үшін қолданылғанымен, олар шектеулі және сенімділігі төмен еді.

XIX ғасырда оптикалық байланыс жаңа деңгейге көтерілді. Ғалымдар жарықтың қасиеттерін зерттеп, оны ақпарат жеткізудің тиімді құралына айналдыру жолында тәжірибелер жүргізді. Осы кезеңде оптикалық телеграф жүйелері пайда болды. Олар жарық сигналдары арқылы кодталған хабарламаларды жеткізуді қамтамасыз етті. Бұл жүйелер ақпарат алмасу жылдамдығы мен дәлдігін арттырып, коммуникация саласындағы ірі жаңалықтардың бірі болды.

XX ғасырда талшықты-оптикалық технологиялар оптикалық байланыстың дамуында жаңа серпіліс жасады. Жарық толқындарын талшықтар арқылы жеткізу идеясы іске асырылып, үлкен қашықтықтарға жоғары жылдамдықты сигналдарды жоғалтусыз жеткізуге мүмкіндік туды. Бұл технология деректердің өткізу қабілетін едәуір арттырды және оны заманауи байланыс жүйелерінің негізіне айналдырды.

XXI ғасырдың басында интернеттің қарқынды дамуы оптикалық байланыстарды жаһандық коммуникацияның ажырамас бөлігіне айналдырды. Қазіргі таңда оптикалық желілер деректерді қауіпсіз әрі жылдам жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Сонымен қатар, кванттық ақпаратты беру бағытындағы зерттеулер оптикалық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін ашуда.

Оптикалық байланыстың әрбір даму кезеңі ғылыми-технологиялық жетістіктерге негізделіп, ақпараттық қоғамның қалыптасуына елеулі үлес қосты. Бұл сала болашақта да жаңа инновацияларды дамытуға мүмкіндік береді.

Оптикалық байланыстың эволюциясы технологиялық инновациялар мен ғылыми жетістіктердің ақпарат алмасу әдістерін түбегейлі өзгерткен тамаша мысалдарының бірі болып табылады. Оның дамуы ежелгі дәуірден бастап қазіргі заманғы талшықты-оптикалық желілерде қолданылатын озық технологияларға дейін бірнеше маңызды кезеңдерден өтті.

Жарық арқылы ақпаратты беру идеясы адамзат тарихында ерте заманнан-ақ пайда болған. Ежелгі дәуірде адамдар алыс қашықтықта байланысу үшін түтін, алау және жарық сигналдарын қолданды. Бұл тәсілдер деректерді жеткізу үшін жарықты қолданудың алғашқы қадамдары еді. Мұндай әдістерді қолдану, негізінен, қарапайым болса да, сол кездегі байланыс қажеттіліктерін қанағаттандырды.

Уақыт өте келе оптикалық байланысты дамытудағы жетістіктерге ғылым мен технологияның дамуы себеп болды. XVII ғасырда жарықтың табиғаты мен оның қасиеттерін зерттеу бойынша алғашқы ғылыми жұмыстар

жүргізілді, бұл болашақта оптикалық сигналдарды қолдану мүмкіндіктерін кеңейтті. XIX ғасырда оптикалық телеграфтар қолданыла бастады, бұл байланыс жүйесін айтарлықтай жаңғыртуға мүмкіндік берді.

XX ғасырдың екінші жартысында талшықты-оптикалық байланыс технологиясының пайда болуы оптикалық байланыстың дамуындағы ең ірі серпілістердің бірі болды. Жарықты ақпарат тасымалдаушы ретінде пайдалану идеясы талшықты-оптикалық кабельдердің ойлап табылуымен жаңа деңгейге көтерілді. Бұл технология деректерді үлкен қашықтықтарға жоғары жылдамдықпен және аз шығынмен жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда оптикалық байланыс жүйелері жоғары өткізу қабілеті мен сенімділігі арқасында телекоммуникацияның маңызды бөлігіне айналды. Бұл технологияның эволюциясы ақпарат алмасу тәсілін түбегейлі өзгертті және болашақта оның дамуы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады деп күтілуде.

XIX ғасырда ғалымдар ақпаратты жеткізу үшін оптикалық технологияларды қолданудың алғашқы тәжірибелерін жасай бастады. Мұндай әдістердің бірі айна мен күн сәулесін пайдалану арқылы хабарламаларды алыс қашықтыққа жіберу болды. Бұл тәсілдер жарықтың ақпарат тасымалдаушы ретінде қолданылу мүмкіндіктерін зерттеудегі алғашқы қадамдардың бірі болды.

XIX ғасырдың соңына қарай оптикалық телеграф жүйелері пайда болды, олар арнайы оптикалық түтіктер арқылы жарық сигналдарының көмегімен кодталған хабарламаларды жеткізуге мүмкіндік берді. Бұл жаңалық оптикалық байланыстың дамуына маңызды үлес қосты және ақпаратты беру жүйелерін жетілдіруге айтарлықтай әсер етті. Бұл жүйелер салыстырмалы түрде қарапайым болғанымен, сол кезеңде ұзақ қашықтыққа ақпарат жеткізудің тиімді құралы ретінде танылды.

XX ғасырдың екінші жартысы оптикалық байланыс технологиясы үшін серпінді кезең болды. Осы уақытта талшықты-оптикалық кабельдердің жасалуы оптикалық байланысты жаңа деңгейге көтерді. Бұл технология жарықты ақпарат тасымалдаушы ретінде тиімді пайдалануға мүмкіндік беріп, деректерді үлкен қашықтықтарға жылдам әрі аз шығынмен жеткізуді қамтамасыз етті. Талшықты-оптикалық жүйелердің бұл ерекшеліктері оларды дәстүрлі кабельдік жүйелерге қарағанда тартымды балама етті.

Қазіргі уақытта талшықты-оптикалық байланыс технологиялары телекоммуникацияның маңызды бөлігіне айналды. Олар жоғары өткізу қабілеттілігі мен сенімділігі арқасында ақпарат алмасуда жетекші рөл атқарады. Оптикалық технологиялардың бұл эволюциясы деректерді жылдам әрі тиімді жеткізудің заманауи талаптарын қанағаттандырып, ғылым мен техниканың дамуына жаңа мүмкіндіктер ашты.

Талшықты-оптикалық желілердің қазіргі дамуы технологиялық жетістіктер мен жаңа материалдардың пайда болуымен тығыз байланысты. Бұл байланыс түрі соңғы жылдары кең таралып, өзінің жоғары тиімділігімен танымал болды. Қазіргі талшықты-оптикалық желілер алыс қашықтықтарға

үлкен көлемдегі деректерді жоғары жылдамдықпен беруді қамтамасыз ете отырып, жаһандық коммуникация жүйелерінің негізіне айналды.

XX ғасырдың соңында талшықты-оптикалық технологиялар айтарлықтай серпіліс жасады. Осы кезеңде WDM (Wave Division Multiplexing) және EDFA (Erbium-Doped Fiber Amplifier) жүйелерінің дамуы оптикалық байланысқа жаңа мүмкіндіктер әкелді. WDM технологиясы бір талшық арқылы бірнеше жарық толқындарын беру арқылы өткізу қабілетін едәуір арттырды. Бұл әдіс үлкен деректер көлемін бір уақытта және үлкен жылдамдықпен тасымалдауға мүмкіндік берді. Ал EDFA жүйесі талшықты-оптикалық желілердің сигналдарын қашықтыққа жеткізуде маңызды рөл атқарды. Бұл күшейткіштер сигналдың сапасын жоғалтпай, ұзақ қашықтықтарға жеткізілуін қамтамасыз етті.

Осы технологиялық жетістіктердің арқасында талшықты-оптикалық байланыс жүйелері тек телекоммуникация саласында ғана емес, сонымен қатар деректер орталықтары, бұлттық қызметтер және сандық экономика үшін маңызды инфрақұрылымға айналды. Бұл жүйелердің жоғары сенімділігі, энергия тиімділігі және үлкен өткізу қабілеті оларды жаһандық байланыс қажеттіліктерін қанағаттандырудың ең тиімді шешімдерінің бірі етеді.

Қорыта айтқанда, WDM және EDFA технологияларының енгізілуі талшықты-оптикалық жүйелердің жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етті. Бұл технологиялар қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның талаптарына жауап беретін байланыс жүйелерін құруға мүмкіндік берді және болашақта олардың маңызы одан әрі арта түседі деп күтілуде [8].

XXI ғасырдың басы интернет пен оптикалық желілер дәуірінің басталуымен ерекшеленді. Интернеттің қарқынды дамуы оптикалық байланыстарды жаһандық коммуникациялық инфрақұрылымның ажырамас бөлігіне айналдырды. Көптеген провайдерлер жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін оптикалық желілерді белсенді түрде енгізе бастады. Бұл технология ақпарат беру жылдамдығы мен сапасын жаңа деңгейге көтерді, осылайша заманауи цифрлық қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырды.

Темірбетон және тас конструкцияларындағы ақауларды анықтау үшін бұзбайтын бақылау әдістері белгілі. Темірбетон конструкцияларын ультрадыбыстық құрылымдық зондтау – ақауларды анықтау әдістерінің бірі. Бұл әдістің принципі конструкциядағы ақаулар мен оның бөліктерінен шағылысқан эхосигналдарды талдауға негізделген [9, 10].

Темірбетон және тас конструкциялардың беріктігін бұзбай тексеру әдістерінің қатарына георадарды қолдану жатады [10, 11]. Бетонның беріктігін анықтау үшін қолданылатын тағы бір құрал – Шмидт балғасы, ол беткі қаттылықты өлшеуге арналған құрылғы [12, 14]. Бетонның сығымдауға беріктігі мен балға серпілісінің арасындағы тәуелділікті біле отырып, бетонның беріктік параметрін бағалауға болады. Алайда, [15] зерттеуінде авторлар Шмидт балғасының бетонның беріктігін дәл және тікелей бағалай алмайтынын атап өтеді.

[16] зерттеуде SHM-X жарықшақ өлшегішін және классикалық геодезиялық әдісті қолдану ұсынылады. [17] жұмыста жарықшақтарды анықтауды жақсарту үшін LiDAR және деректердің оңтайлы жиынтығы әдісін пайдалану көрсетілген. Маңызды жайт – бұзбайтын бақылау құралдары арқылы тек мерзімді тексерулер жүргізуге болады, ал қызметтердің құны жоғары, себебі олармен тек арнайы оқытылған мамандар ғана жұмыс істей алады [18–23].

Бүгінгі таңда оптикалық байланыстың даму перспективалары жаңа мүмкіндіктер ашуда. Кванттық ақпаратты беру үшін оптикалық сигналдарды пайдалану бағытында зерттеулер белсенді түрде жүргізілуде. Бұл жаңа технология деректерді қауіпсіз жеткізуге және тиімді байланыс жүйелерін құруға негіз болады. Кванттық оптикалық байланыстар шифрлау мен деректерді қорғаудың жаңа деңгейін қамтамасыз ете отырып, болашақ коммуникация жүйелерінің негізгі элементтерінің бірі болмақ.

Оптикалық байланыстарды дамыту кезеңдері адамзаттың ақпарат алмасу тәсілдерін жетілдіруге деген тұрақты ұмтылысын айқын көрсетеді. Оптикалық технологиялардың эволюциясы адамдар арасындағы байланысты жеңілдетіп қана қоймай, әлеммен өзара әрекеттесудің шекараларын кеңейтті.

Қазіргі оптикалық желілердің жоғары жылдамдығы, сенімділігі және өткізу қабілеті интернеттің дамуына серпін беріп, жаһандық ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, кванттық технологиялар негізіндегі оптикалық байланыстардың болашақтағы дамуы жаңа инновациялық шешімдерге жол ашады. Осылайша, оптикалық технологиялардың әр кезеңі адамзаттың технологиялық жетістіктерге қол жеткізуіне және әлемдік байланыстарды нығайтуға ықпал етуде.

1.1 Заманауи оптикалық талшықтар мен сенсорлар

Заманауи оптикалық талшықтар мен сенсорлар телекоммуникация, медицина, өнеркәсіп және ғылыми зерттеулер сияқты әртүрлі салаларда кең қолданысқа ие. Олардың басты артықшылықтары – жоғары сезімталдық, шағын өлшемдер, электромагниттік әсерлерге төзімділік және күрделі ортада жұмыс істеу қабілеті. Бұл технологиялар ақпаратты тасымалдау мен қоршаған ортаның өзгерістерін дәл бақылау саласында жаңа мүмкіндіктер ашады.

Оптикалық талшықтардың құрылымы мен түрлері ерекше маңызды. Олар, негізінен, диаметрі адам шашынан жұқа болатын шыны немесе пластик материалдардан жасалған. Әрбір талшық үш негізгі қабаттан тұрады. Ең ішкі бөлігі – ядро (core), ол жарықты бағыттауға және өткізуге жауапты. Ядроның айналасындағы қаптама (cladding) жарықтың сыртқа шығып кетуіне жол бермей, оны ядро ішінде ұстап тұрады. Ал сыртқы қорғаныс қабаты (buffer coating) талшықты механикалық әсерлерден және сыртқы зақымданулардан сақтайды.

Бұл талшықтар ақпараттық технологиялар мен сезгіш құрылғыларды дамытуда маңызды рөл атқарады. Олардың жоғары дәлдігі мен сенімділігі көптеген салаларда заманауи технологияларды жетілдіруге мүмкіндік береді. Осылайша, оптикалық жүйелер қазіргі әлемнің ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Заманауи оптикалық талшықтар деректерді жоғары жылдамдықта және ұзақ қашықтыққа жеткізу мүмкіндіктерімен ерекшеленеді. Олар негізінен екі түрге бөлінеді: бірмодалы (single-mode) және көпмодалы (multi-mode) талшықтар. Бірмодалы талшықтар жарық толқындарының тек бір бағытта өтуін қамтамасыз етеді, бұл шағын ядро диаметрінің арқасында жүзеге асады. Мұндай талшықтар ақпаратты үлкен қашықтыққа жоғалтусыз тасымалдауға өте қолайлы. Ал көпмодалы талшықтар кеңірек ядросымен ерекшеленіп, деректерді жақын қашықтыққа жоғары жылдамдықта жеткізу үшін тиімді болып табылады.

Оптикалық сенсорлар жарықтың таралу қасиеттеріне әсер ететін сыртқы факторларды өлшеу үшін қолданылады. Бұл құрылғылар температура, қысым, кернеу, химиялық құрам және басқа да физикалық немесе химиялық параметрлерді анықтауда жоғары дәлдікке ие. Сенсорлардың мұндай сезімталдығы оларды түрлі салаларда, соның ішінде өнеркәсіпте, медицинада және ғылыми зерттеулерде қолдануға мүмкіндік береді.

Бірмодалы және көпмодалы талшықтардың артықшылықтары мен оптикалық сенсорлардың кең мүмкіндіктері бұл технологияларды ақпарат тасымалдау мен қоршаған ортаның өзгерістерін бақылауда таптырмас құрал етеді. Олар қазіргі заманның маңызды ғылыми және техникалық жетістіктерінің бірі ретінде жоғары бағаланады.

Талшықты-оптикалық сенсорлардың негізгі түрлері мен олардың қолдану салалары кең ауқымды қамтиды. Интерферометриялық сенсорлар жарық интерференциясын қолдана отырып, физикалық параметрлердің өзгерісін жоғары дәлдікпен тіркейді. Брэгг торлары (Fiber Bragg Gratings) жарық толқындарының ұзындығын пайдалана отырып, температура мен механикалық кернеуді өлшейді және нақты уақыт режиміндегі өлшеулер үшін тиімді. Дистрибутивті сенсорлар талшық бойындағы ақпаратты жинақтап, ұзақ қашықтықтағы бақылау мүмкіндігін ұсынады.

Бұл сенсорлардың қолдану салалары да әртүрлі. Телекоммуникацияда оптикалық талшықтар интернет пен байланыс жүйелерінде жоғары өткізу қабілеті мен төмен шығынды қамтамасыз етеді. Медициналық салаларда, әсіресе эндоскопия, лазерлік хирургия және биосенсорлар сияқты технологияларда, олар науқастың жағдайын дәл бақылауға мүмкіндік береді. Инженерия мен құрылыс саласында Брэгг торлары бетон конструкцияларының деформациясын және кернеулерін қадағалау үшін пайдаланылады, бұл ықтимал апаттардың алдын алуға көмектеседі. Қоршаған ортаны қорғауда талшықты сенсорлар химиялық заттардың концентрациясын анықтап, ластанудың деңгейін бақылауда маңызды рөл атқарады.

Заманауи оптикалық талшықтар мен сенсорлар жоғары дәлдігі мен сенімділігінің арқасында қазіргі заманның маңызды технологияларының біріне айналды. Олар тек дәстүрлі салаларда ғана емес, кванттық коммуникация мен деректерді қауіпсіз жеткізу сияқты алдыңғы қатарлы бағыттарда да жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл жүйелер жасанды интеллект және IoT технологияларымен үйлескенде, деректерді тез өңдеу және күрделі жүйелерді басқару процесін жеңілдетеді. Сонымен қатар, жаңа материалдарды қолдану мен талшық өндірісін жетілдіру олардың тиімділігін одан әрі арттыруға мүмкіндік береді.

Оптикалық талшықтар мен сенсорлар ғылым мен техниканың көптеген салаларының дамуына айтарлықтай үлес қосуда. Олар адамзаттың заманауи қажеттіліктерін қанағаттандыруда және жоғары технологиялық шешімдерді ұсынуда жетекші орын алады.

Жарықтың ақпарат тасымалдау құралы ретіндегі рөлі ерекше. Жарық сигналдарын тасымалдау технологиялары заманауи байланыс және бақылау жүйелерінің негізін қалыптастырды. Оптикалық талшықтар жеңіл, икемді құрылымының арқасында ақпаратты үлкен жылдамдықпен және алыс қашықтыққа жеткізу мүмкіндігіне ие. Бұл қасиеттер оларды деректер тасымалдаудың ажырамас бөлігі ретінде жоғары сұранысқа ие етеді.

Жарықты тасымалдау үшін қолданылатын талшықтар бірнеше қабаттан тұратын құрылымға ие. Ең ішкі қабаты, өзекше, жарық сигналдарын бағыттау қызметін атқарады. Оны қоршаған сыртқы қабат жарықтың сынуын қамтамасыз етіп, оны талшық ішінде сақтайды. Мұндай құрылым жарық толқындарының жоғалуын азайтып, сигналды алыс қашықтыққа тиімді жеткізуге мүмкіндік береді. Әр түрлі технологиялық шешімдерге байланысты талшықтар жақын және алыс аралықтағы байланыс жүйелерінде кеңінен қолданылады.

Талшық негізіндегі технологиялар жарықтың физикалық қасиеттерін өлшеуде жоғары дәлдігімен ерекшеленеді. Бұл құралдар температураны, қысымды және механикалық жүктемелерді анықтауда маңызды рөл атқарады. Жарық толқындарының өзгерісі арқылы ақпарат алу әдістері олардың әртүрлі салаларда қолданылуына жол ашады. Мысалы, жарық толқындарының ұзындығына тәуелді құралдар температура мен кернеудің өзгерістерін дәл анықтайтын инновациялық шешімдер ретінде танымал.

Жарық арқылы ақпарат тасымалдау технологиялары қазіргі заманның техникалық мүмкіндіктерін үздіксіз кеңейтіп келеді. Бұл технологиялар тек байланыс пен бақылау салаларында ғана емес, ғылым мен өнеркәсіпте де кеңінен қолданылып, инновациялық шешімдердің негізін қалап отыр.

Қазіргі заманғы оптикалық талшықтар мен сенсорлар байланыс және бақылау жүйелерінің маңызды бөлігіне айналды. Олар ақпаратты жеткізу және әртүрлі физикалық параметрлерді дәл өлшеу үшін кеңінен қолданылады. Бұл технологиялар заманауи қажеттіліктерге сәйкес үздіксіз жетілдіріліп, жаңа мүмкіндіктер ұсынып келеді.

Оптикалық талшықтар – жарық сигналдарын алыс қашықтықтарға тасымалдауға арналған арнайы құрылғылар. Олар негізінен шыны немесе пластиктен жасалып, жұмыс істеу принципі жарықтың толық ішкі шағылысуына негізделеді. Бұл әдіс жарық энергиясын талшық ішінде сақтай отырып, деректерді жоғалтусыз және тиімді жеткізуге мүмкіндік береді. Осындай құрылымның арқасында оптикалық талшықтар жоғары жылдамдық пен сенімділікті қамтамасыз етеді.

Бұл технологиялар ақпарат тасымалдау саласында ғана емес, сонымен қатар температура, қысым, кернеу сияқты параметрлерді дәл анықтау үшін де қолданылады. Оптикалық талшықтар мен сенсорлардың жоғары тиімділігі олардың әртүрлі салаларда – телекоммуникация, медицина, өнеркәсіп және ғылымда кеңінен қолданылуын қамтамасыз етеді. Осылайша, бұл құрылғылар заманауи технологиялық жүйелердің негізін қалыптастырып, адамзаттың техникалық жетістіктерін дамытуға ықпал етеді.

Заманауи оптикалық жүйелер деректерді беру кезінде өте төмен шығындарымен ерекшеленеді, бұл оларды дәстүрлі кабельдік желілерге қарағанда анағұрлым тиімді етеді. Мұндай жүйелердің негізгі артықшылықтарының бірі – электромагниттік әсерлерге төзімділігі және үлкен өткізу қабілеті. Бұл қасиеттер оптикалық жүйелерді тек телекоммуникация саласында ғана емес, сонымен қатар медицина, өнеркәсіп және басқа да салаларда кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Оптикалық сенсорлар да қазіргі технологиялардың маңызды бөлігіне айналған. Олар жарықтың физикалық қасиеттерінің өзгерісін өлшеу арқылы әртүрлі параметрлерді анықтайды. Мұндай құрылғылардың жоғары сезімталдығы оларды температура, қысым, механикалық кернеу сияқты көрсеткіштерді нақты уақыт режимінде бақылауға тиімді құрал етеді.

Сонымен қатар, бұл сенсорлар жоғары дәлдігі мен сенімділігі арқасында өнеркәсіптік бақылау, құрылыс салалары және медициналық диагностикада үлкен сұранысқа ие. Жарық негізіндегі технологиялардың кең қолданылуы заманауи жүйелердің тиімділігін арттырып, олардың техникалық мүмкіндіктерін одан әрі жетілдіруге ықпал етеді. Осылайша, оптикалық жүйелер мен сенсорлар инновациялық шешімдердің негізін қалап, әртүрлі салалардың дамуында басты рөл атқарады.

Бүгінгі таңда оптикалық талшықтар мен сенсорлар технологиялық дамудың маңызды бөліктерінің бірі саналады. Олар байланыс жүйелерін, деректерді жеткізу тәсілдерін және бақылау құралдарын жетілдіруде маңызды рөл атқара отырып, ғылыми зерттеулер мен өндірістік процестердің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Заманауи оптикалық талшықтар көптеген артықшылықтарға ие, бұл оларды коммуникация және сенсорлық технологияларда кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді. Ең алдымен, олардың үлкен өткізу қабілеті деректердің үлкен көлемін алыс қашықтықтарға тез және сенімді жеткізуге жағдай жасайды. Бұл қасиет оптикалық талшықтарды ақпараттық жүйелердің ажырамас бөлігіне айналдырды.

Сонымен қатар, талшықтардың шағын және жеңіл құрылымы оларды әртүрлі салаларда қолдануға ыңғайлы әрі тиімді етеді. Телекоммуникация, медицина, өнеркәсіп және ғылыми зерттеулер сияқты салаларда оптикалық талшықтар жоғары сенімділік пен тиімділікті қамтамасыз етіп, заманауи технологиялық шешімдерге жол ашуда. Осылайша, оптикалық жүйелер қазіргі заманның прогрессивті қажеттіліктерін қанағаттандыруда жетекші рөл атқаруда.

Оптикалық талшықтарға негізделген сенсорлар бүгінгі таңда технологиялық процестерді бақылау мен зерттеу саласында ерекше маңызға ие. Мұндай сенсорлар температураны, қысымды, деформацияны және ортаның химиялық құрамын жоғары дәлдікпен анықтай алады. Олардың жұмыс принципі өлшенетін параметрлердің өзгерістеріне байланысты талшық арқылы өтетін жарық сигналының сипаттамаларының өзгеруіне негізделген. Жарық толқындарындағы бұл өзгерістер кейіннен ақпаратты өңдеу мен талдауға пайдаланылады.

Оптикалық сенсорлардың басты артықшылықтары – жоғары сезімталдық пен дәлдік. Бұл қасиеттер оларды әртүрлі салаларда маңызды құралға айналдырды. Өнеркәсіпте олар құрылымдардың беріктігін бақылау үшін қолданылса, медицинада дене температурасы мен басқа биологиялық параметрлерді анықтауда кеңінен пайдаланылады. Сонымен қатар, экология саласында оптикалық сенсорлар қоршаған ортаның жағдайын бақылауға мүмкіндік береді.

Заманауи оптикалық сенсорлар технологиялық процестердің тиімділігін арттырып қана қоймай, олардың қауіпсіздігін де қамтамасыз етеді. Олардың қолдану аясының кеңдігі бұл құрылғыларды қазіргі заманғы технологиялар мен зерттеулердің ажырамас бөлігіне айналдырды.

Заманауи оптикалық талшықтар мен сенсорлар технологиялық прогрестің негізгі қозғаушы күштерінің бірі болып табылады. Олардың шағын өлшемі, жоғары тиімділігі және дәлдігі бұл құрылғыларды күрделі жүйелердің маңызды құрамдас бөлігіне айналдырды. Олар ғылыми зерттеулерді жетілдіруге және өндірістік процестерді оңтайландыруға айтарлықтай үлес қосып, болашақта жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда.

Мысалы, талшықты-оптикалық сенсорлар инфрақұрылым нысандарында, соның ішінде көпірлер мен құбырларда деформацияны бақылау үшін кеңінен қолданылады. Бұл сенсорлар деформацияға жоғары сезімталдық танытады, өйткені мұндай өзгерістер талшық арқылы өтетін жарық сигналдарының сипаттамаларын өзгертеді. Мұндай технологияның көмегімен деформацияның нақты орнын және дәрежесін дәл анықтауға болады. Бұл инфрақұрылымның қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады [24].

Оптикалық талшықтар мен сенсорлардың қолданылу аясы өте кең, ал олардың артықшылықтары оларды көптеген салаларда, соның ішінде өнеркәсіп, медицина және экологияда қолдануға мүмкіндік береді. Бұл

технологиялар адамзаттың заманауи қажеттіліктерін қанағаттандыруда және жаңа инновациялық шешімдерді іске асыруда басты орынға ие.

Оптикалық сенсорлар медицина саласында физиологиялық параметрлерді бақылау үшін кеңінен қолданылады. Олар қандағы оттегі деңгейін, қан қысымын және басқа маңызды көрсеткіштерді өте дәл өлшеуде тиімді. Бұл құрылғылардың басты артықшылығы - жоғары дәлдігі және өлшеу объектісіне минималды әсер етуі.

[25] жұмысында бетонның шөгуі кезінде тартылу кернеулері шоғырланған аймақтардағы кернеулі-деформацияланған күй мен жалпы деформацияны өлшеу әдісі ұсынылған, ол үшін оптикалық талшықтар мен Брэгг торлары пайдаланылады. Брэгг торлары негізінде бетон конструкцияларындағы арматуралық шыбықтар мен түйіспелердің сырғуын бақылау жүйелерін жасауға арналған зерттеулер де бар [26].

[27] зерттеуінде Брэгг торлары бар талшықты тензометрлерді көпір конструкцияларындағы зақымданған аймақтарды анықтау үшін қолдану ұсынылған. Сондай-ақ алдын ала кернелген бетон конструкцияларындағы қалыпты деформацияларды болжау жүйелері бар. Бұл әдіс Брэгг торларын, бетон конструкциясының жеңілдетілген аналитикалық моделін және нейрондық желілерді қолданады [28]. Брэгг торларын қолдану оң қасиеттерімен қатар, талшықты-оптикалық датчиктердің (ТОД) күрделі құрылымы мен жоғары құны сияқты қиындықтарды да тудырады.

Маха–Цендер интерферометрі принципінде жұмыс істейтін ТОД жүйелері ультрадыбыстық кернеу толқындарын анықтау үшін қолданылады [29–31]. Мұндай датчиктердің сезімталдығы талшықтың ұзындығына байланысты және жоғары шу деңгейі байқалады. Фабри–Перро интерферометрлері бетон конструкцияларының күйін бағалау үшін де пайдаланылады [32, 33]. Фабри–Перро интерферометрі негізіндегі ТОД қолдану кезінде кросс-кедергілер туындайды, оларды жою үшін бірнеше негізгі әдістерді біріктіреді. [34] зерттеуінде Фабри–Перро интерферометрі мен Брэгг торлары принципінде жұмыс істейтін квазитармақталған ТОД гибриді жүйесі сипатталған.

Басқа әдіс таралған ТОД жүйесінде Рэлей шашырауы принципін пайдаланады [35, 36]. Бұл әдіс жоғары кеңістіктік ажыратымдылықпен деректерді алуға мүмкіндік береді, бірақ өлшеу қашықтығы 100 м-ге дейін шектелген. Сонымен қатар Бриллюэн шашырауы принципін қолданатын жүйелер де бар [37].

Оптикалық сенсорлардың кең қолданылуы олардың жоғары сезімталдығы мен әмбебаптығымен түсіндіріледі. Бұл құрылғылар тек медицина мен инженерияда ғана емес, сондай-ақ экология, энергетика және өнеркәсіп салаларында да кеңінен пайдаланылуда. Мысалы, оптикалық сенсорлар арқылы қоршаған ортаның түрлі параметрлерін, химиялық заттардың құрамын немесе энергия жүйелеріндегі өзгерістерді дәл бақылауға болады.

Олардың жоғары тиімділігі мен дәлдігі бұл сенсорларды көптеген салаларда, әсіресе мониторинг пен бақылауды талап ететін жағдайда, қажетті құралға айналдырады. Осылайша, оптикалық сенсорлар заманауи технологиялардың бір бөлігі ретінде әлемнің түрлі салаларында тиімді әрі сенімді шешімдер ұсынады [38].

Қорыта келгенде, талшықты-оптикалық сенсорлар қазіргі уақытта инфрақұрылым мен медициналық технологиялардың маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Олар жоғары дәлдіктегі өлшеу мүмкіндіктерімен қамтамасыз етіп қана қоймай, әртүрлі салаларда қауіпсіздік пен тиімділікті арттыруда үлкен рөл атқаруда. Бұл технологиялар болашақта жаңа зерттеулер мен жетістіктерге негіз болатындығы сөзсіз.

Оптикалық талшықтар мен сенсорлық жүйелер қазіргі заманғы байланыс, мониторинг және медицина салаларында жаңа мүмкіндіктерге жол аша отырып, үздіксіз дамып келеді. Олардың жоғары тиімділігі мен әмбебаптығы оларды заманауи технологиялардың негізгі бөліктері ретінде сақтап қалуға мүмкіндік береді. Осылайша, оптикалық сенсорлар және талшықты-оптикалық жүйелер өздерінің әртүрлі салалардағы маңызды рөлін сақтай отырып, жаңа мүмкіндіктерге ие болуда [39].

Олардың қолданылу ауқымы кеңейіп, ғылым мен техниканың түрлі салаларында зерттеу мен даму үшін жаңа бағыттар ашылуда. Талшықты-оптикалық технологиялардың келешегі зор, және олар адамзаттың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ететін жаңа шешімдер ұсынады.

Оптикалық талшық, немесе жарық бағыттағыш, үш негізгі қабаттан тұрады: өзекше, қаптама және қорғаныс қабаты. Өзекше – талшықтың ішкі бөлігі, оның диаметрі 6-дан 62,5 микрометрге дейін болады. Бұл бөліктің басты міндеті – жарық толқындарын толық ішкі шағылысу арқылы тасымалдау. Қаптама қабаты өзекшенің ішінде жарықтың сақталуын қамтамасыз етеді, ал сыртқы қорғаныс қабаты талшықты механикалық зақымданулардан қорғайды.

Оптикалық талшық арқылы жарық толқындары ақпарат тасымалдау үшін қолданылады. Бұл әдісте модуляцияланған жарық толқындары арқылы сигналдар беріледі, олар деректерді жоғары жылдамдықпен және ұзақ қашықтыққа жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай технология әсіресе телекоммуникация саласында үлкен маңызға ие, өйткені ол жоғары жылдамдықтағы деректерді тиімді тасымалдауға мүмкіндік береді.

Оптикалық талшықтар дәстүрлі мыс сымдарға қарағанда бірнеше артықшылыққа ие. Олар деректерді жоғалтусыз жеткізіп, электромагниттік кедергілерге төзімді болып келеді, бұл оларды әртүрлі салаларда тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Талшықты-оптикалық жүйелердің жоғары тиімділігі мен сенімділігі оларды заманауи байланыс және ақпараттық жүйелердің негізіне айналдырады.

Оптикалық сенсорлар мониторинг және диагностика салаларында кеңінен қолданылып келеді. Олар инфрақұрылымның жағдайын бақылауда, мысалы, көпірлер мен құбырлардағы деформацияны анықтауда, сондай-ақ

медициналық салаларда физиологиялық параметрлерді өлшеуде жоғары дәлдікпен жұмыс істейді. Бұл сенсорлар түрлі физикалық және химиялық өзгерістерді анықтап, нақты уақыт режимінде бақылау мүмкіндігін береді, бұл оларды маңызды құралға айналдырады.

Қазіргі уақытта оптикалық талшықтар мен сенсорлық технологиялар байланыс жүйелерінің негізі болып табылады және болашақта жаңа жетістіктерге жетелейтін маңызды салалардың бірі ретінде қала береді. Бұл технологиялардың дамуы мен кең таралуы байланыс саласының өнімділігін арттыруға ықпал етеді [40, 41].

Оптикалық талшықтар бірнеше негізгі параметр бойынша жіктеледі, олардың ішінде режимдер саны (бірмодалы және көпмодалы), сыну көрсеткішінің профилі (қадамдық, параболалық және арнайы), дисперсия параметрі және таңба дисперсиясының параметрі DDD (оң және теріс) бар. Талшықты-оптикалық технологияда кеңінен қолданылатын екі негізгі талшық түрі - бірмодалы (SMF) және көпмодалы (MMF) талшықтар. Осы талшықтар түрлерінің әрқайсысы әртүрлі қолданбалы талаптарға сәйкес келеді, олардың ерекшеліктері байланыстың тиімділігі мен сапасын қамтамасыз етеді.

1.1.1 Көпмодалы талшық (MMF – Multimode Fiber)

Көпмодалы талшық (MMF – Multimode Fiber) жарықтың бірнеше түрлі жолдармен немесе режимдермен таралуына мүмкіндік береді, бұл оның кеңірек өзекше диаметрімен байланысты. Әдетте, көпмодалы талшықтың өзекше диаметрі 50 микрон немесе 62,5 микронды құрайды. Бұл талшық түрі жарықтың бірнеше жолмен таралуынан туындайтын дисперсиялық әсерге сезімтал, бұл оның ақпарат тасымалдау ұзақтығына шектеулер қояды.

Көпмодалы талшық әдетте қысқа қашықтықта пайдаланылады. Бұл талшық түрі ғимараттар мен кампустар арасындағы жергілікті желілерді (LAN) қосу үшін өте ыңғайлы. Көпмодалы талшықтың басты артықшылығы - оның арзан және қарапайым құрылғылармен жұмыс істей алуы, бұл оны көптеген қолданбалар үшін тартымды етеді. Дегенмен, дисперсияның жоғары деңгейі көпмодалы талшықтың ұзақ қашықтыққа ақпарат тасымалдауда тиімділігін төмендетеді. Сондықтан көпмодалы талшық негізінен шағын ауқымдағы желі қосылымдары мен қысқа қашықтықтағы қолданбаларда кеңінен пайдаланылады.

Көпмодалы талшық көбінесе қысқа қашықтықта пайдалануға арналған. Ол, әсіресе, ғимараттар мен кампустар арасындағы жергілікті желілерді (LAN) құру үшін өте тиімді. Бұл талшықтың басты артықшылығы – оның қолжетімділігі мен қарапайым құрылғылармен үйлесімділігі. Көпмодалы талшықтың бағасы арзан болғандықтан, ол көптеген қолданушы үшін қолайлы шешім болып табылады. Сонымен қатар, оны орнату және пайдалану оңай, бұл оны көптеген жергілікті желі жобаларында сұранысқа ие етеді.

Дегенмен, көпмодалы талшықтың негізгі кемшілігі – оның жарықтың бірнеше жолмен таралуынан туындайтын дисперсия әсері. Бұл құбылыс

сигналдың уақыт бойынша таралуын және оның сапасын нашарлатуы мүмкін, нәтижесінде талшық ұзақ қашықтықтарға деректерді жеткізуде тиімділігін жоғалтады. Осыған байланысты көпмодалы талшық негізінен қысқа қашықтықтағы байланыс үшін қолданылады, мысалы, бір ғимарат ішінде немесе шағын аудандарда. Бұл жағдай оның кең ауқымдағы байланыс жүйелерінде қолданылуын шектейді, бірақ жергілікті желілерде, корпоративті және білім беру желілерінде ол кеңінен пайдаланылады.

1.1.2 Бірмодалы талшық (SMF – Singlemode Fiber)

Бірмодалы талшық (SMF – Singlemode Fiber) жарықтың тек бір бағытта таралуын қамтамасыз етеді, бұл оның өзекше диаметрінің өте кішкентай болуының нәтижесінде жүзеге асады. Әдетте, бірмодалы талшықтың өзекше диаметрі 9 микрон шамасында болады. Өзекшенің мұндай аз диаметрі жарықтың тек бір жолмен қозғалуына мүмкіндік беріп, дисперсияны минимизациялайды. Бұл ерекшелік талшық арқылы сигналдың ұзақ қашықтыққа, кедергісіз және тиімді берілуін қамтамасыз етеді.

Бірмодалы талшық негізінен телекоммуникация, кең аймақтық желілер (WAN) және магистральдық желілерде кеңінен қолданылады. Оның басты артықшылығы – ұзақ қашықтықта сигналдың жоғалтусыз берілуі. Бұл талшық түрі жоғары жылдамдықты деректерді тасымалдауға мүмкіндік беретіндіктен, үлкен ауқымды желілер мен ақпараттық инфрақұрылымдар үшін өте қолайлы. Сонымен қатар, бірмодалы талшықтың үлкен өткізу қабілеті бар, бұл оны болашақ желілік жүйелер үшін тиімді әрі икемді етеді. Қысқаша айтқанда, бірмодалы талшықтың жоғары өнімділігі мен сенімділігі оны қазіргі замандағы ең маңызды байланыс технологияларының бірі етеді.

1.1.3 Сыну көрсеткішінің профилі және дисперсия

Оптикалық талшықтың сыну көрсеткішінің профилі оның жарық сигналдарын тарату қабілетіне тікелей әсер етеді. Қадамдық профиль жарықтың өткір шекаралар арқылы таралуын қамтамасыз етіп, белгілі бір бағытта тиімді жұмыс істейді. Ал параболалық және арнайы профильдер жарықтың таралуын біркелкі етуге және дисперсияны азайтуға мүмкіндік береді. Бұл профильдер талшық арқылы берілетін сигналдың сапасын арттырады.

